

ТЕМІРҒАЛИ НҰРТАЗИН ҒАБИДЕН МҰСТАФИННІң «ШЫҒАНАҚ» РОМАНЫ ЖАЙЛЫ

Қазак әдебиетінің аса көрнекті өкілі, классик қаламгер F. Мұстафиннің әрбір шығармасы өз дәүірінің тарихи беталыс бағдарымен үндес болды. Жазушы қай туындысында болмасын ел күнделікті басынан кешіп жатқан оқиғаларды көркемдік арқауна тартудың өзіндік өнегесін қалыптастырған. Әйгілі тарышы Шығанак Берсиеvtің, еңбек адамының қасиетті, қадірлі ғұмыры арқау болған «Шығанак» романының жазылтуы – казак көркем сезінің даму тарихындағы елеулі оқиға болды. Шығарма туралы толып жатқан сын-пікірлер Одақ көлемінде де, казак басылымдарында да дүркін-дүркін жарияланып жатты.

«Екінің бірі білген, өмірде болған адамды кейіпкерлікке алып, көркем шығарма жазудың біrsызыра қыншылық жақтары бар. Геройдың өмір ізіне түсіп, істеген әрекетін теріп тіркей берумен роман тумайды, тек хроника немесе биографиялық сипаттамалар фана құралады. Геройдың атын алып, затын тастап, ойға келгендей өктеп, айдалаға ұлаға берумен де іс бітпейді. Өмірден алынған тарихи адамдарды герой етіп жазған шығармалар осы

екі беткейдің біреуіне соғып отырады. F. Мұстафин бұл көпірден мудірмей өткен. Оның Шығанағы өмірдегі Шығанактың көшірмесі емес, әдеби образ. Образ болғанға болуға мүмкін нәрсені оймен жалғау арқылы туады. Өмірдегі адам кітап бетінے түскенде өні қашпас үшін оған жазушының суретшілік өнері дем беруі керек» [1], – деп жазады Темірғали Нұртазин өзінің «Шығанак» романы» атты мақаласында.

F. Мұстафиннің кейіпкер тұлғасын жазудағы өмірде болмағанымен, характер табигатына келе-тін, болуга тиісті оқиғаны болған оқиғадай келіс-тіріп келтіру шеберлігін сыншы автордың шығармашылық ұнамды мінезі деп бағалайды.

Ғатымның шығарма құндылығын ашудағы нақпанақ айқын пікірлері – шынайы көркем талғамнан туған, F. Мұстафин романындағы шеберлік пен көркемдік шешімге таза көркем таныммен караудан шыққан өміршең байламдар. Т. Нұртазин «Шығанак» романының табысын жинақтап та, жеке мәнде де саралап беріп талдайды. Көркем дүниеге тек өзіндік деңгеймен емес, көптің

талаپ, талғамы тұрғысында баға беру үлкен теориялық білім, әдебиет ісін, ұлттық әдебиет шаруасын, жазушының шеберлік даралығын мейлінше ұғынып барып ой түюден келетін іс. Осы тұрғыда Темірғали Нұртазиннің осыдан 60 жыл уақыт бұрын жазылған мақаласы дөл бүгінгідей көкейтесті, өзекті көрінеді.

Жазушының тақырып таңдауы мен оқиға өрбіту, сюжет құрудағы өзіндік ұстанымы сыншы көnlінен шыққан. Т. Нұртазин авторға дүниенің барлығын көркем дүниеге сыйғызбадың деп міндет арту қате деп біледі. Шығанақтың арғы өмірін, бергі өмірін тізіп жазудың қаламгер үшін міндет болмағанын, оның рекордшы Шығанақ туралы ғана сөйлегенің қадап айтқан сыншы осыны құп көреді.

«Тарыдан жасалған тау – Шығанақтың ұзак өмірінің колхозда істелген қорытындысы. Сондыктан атышулы тарышының ұзак өмірінен колхоз тіршілігімен байланысты жемісті, көрнекті кезеңін қызып алып көрсеткен жазушыны Шығанақ және «Қырман» колхозы жөнінде тарихи роман жазбадың деп сөгуге болмайды» [1].

Сыншы жазушы адамның еңбек күшін жырлағанын, Абай айтқандай, «егіннің ебін» үйренген елдегі елдің табиғат аясындағы тынымысыз, тоқтаусыз тіршілік әрекетін шынайы көркем сапада көрсеткенін қуана айтады. Шығарма бағытынан үлкен-үлкен астарлар ашады. Жалпыадамзаттық ауқымды толғаныстарға барады.

«Мұнда философиялық, тарихи зор мән бар. Жақсылыққа бой ұру; бакыт шынына қол созу, жоқшылық, мұқтаждық құлышылығынан азаттану талабы адам баласының сәулелі санасынан ешуақытта кеткен жоқ...

Күнделіктің көрнекті көрінісін сипаттауға арналған «Шығанақ» романының ерекше қасиеті колхозды ауылдағы осындағы тарихи өзгерістің тамырын тауып, дер кезінде жүртшылық алдына тартуында» [1].

Шығанақ образына автордың озық әрекет-терді орынсыз тықпаламағанын айтуында Т. Нұртазин қаламгер F. Мұстафиннің көркем бейне жасауда өмірлік негізден, табиғи жаратылыстан шықпағаның көркемдік табыс деп таниды. Расында да, Шығанақ – еңбек адамының типтік тұлғасына айналған озық, орнықты көркем бейне.

Жазушы Габиден Мұстафиннің ғана емес, қазак көркем прозасының елеулі табысы.

«Романның жалпы маңыз, бағыты, философиялық талғамына үндес Шығанақ образын жасауда автордың қолданған методы дұрыс. Автор Шыға-

нақты ажарламайды, алпыстың табалдырығын басып тұрғанда, желпілдетіп, оку құмар, жаңалыққа женсікшіл етіп, үстеме қасиет те тақпайды. Сауатсыз, есқі наным мен діннің шырмауынан босанып болмаған, алпысты алқымдағанша, елден аулақ алты шақырым жерге аты шықпаған ауылдың қарапайым шалы етіп суреттейді. Бірақ, осы қонқақ мұрын, қара шалдың қеуде-сінде тума даналық, шұрайлы пікір бар. Ол рекорд жасаумен аты шығып жүрген дәнктылардың санатындағы ғана адам емес» [1].

Т. Нұртазин Шығанақ халықтың қайнаған ортасынан шыққан, ақыл қазынасы бай, мінезді тұлға дейді. Шығанақ – тоқығаны көп, көргені мен түйгенин сәулелі ойымен нұрландырып, сұлу ғұмыр кешкен еңбек адамы.

Ғабиден Мұстафинге Шығанақ бейнесі тым ыстық болғанға ұксайды. Осы бір қарапайым еңбек адамын ол шешен тілмен, төгіп-төгіп сөйлетеді. Ел жайы, жүрт қамы жайлты түйдек-түйдек қалың ойға тартады. Оның бойынан оку-шы сарқылмайтын халықтық қасиеттерді көреді. Ұстамды, қажет кезде шұғыл іспен, тау төңкөрдегі қайратпен көрінетін, жан шуағы айналасын жарқыратып ғұмыр кешкен осы бір дана адам образы – әлемдік әдебиеттегі кесек, күрделі тұлғалардың қатарында тұруға лайық көркем бейне.

Романда жазушы Габиден Мұстафин кейіп-кер жасауда тынға турен салғандай жақсы нышандармен көрінгенін сыншы Темірғали Нұртазин атап көрсетеді. Ол Жанбота, Амантай, Олжабек туралы, олардың мінез қалпын, өзіндік болмысын ашудағы қаламгердің шеберлік тәсілдері туралы төгіле сөйлейді.

«Жанбота – өзі қыры бірдей, «Ақыл керек, іс керек, мінез керек», деп абай калаған әйел кейіпті жан. Ол бетін бетке ұстап, жүрт алдында жүлде алам деген мінезден аулак, ерге сабытын салып, ас иесі, аяқ босатқыш болып отыруды сүйегіне ар көреді. Оның пікірінше, ермен реңсі турде теңелген әйел ісімен, өнімді енбегімен, өнерпаздығымен де теңелуі керек» [1].

Т. Нұртазин Жанбота – жан толқыны окушыны иландыратын көркем бейне, жазушы табысы дейді.

Ел тарихында елеулі ізі қалған колхоздастыру шарасының да көп шындығы бар бұл шығармада жазушының Олжабек образы арқылы көп күрделі жайды ұғындыруы да – кезең шындығынан өрістеген желі. Адам жаратылысындағы қатпар-катпар мінез-құлышық әрекшеліктерді бір ғана сәттік оқиға, шағын ғана мәселелер арқылы ашып тастау

шеберлігі жазуда екінің бірінің қолынан келе беретін іс емес. F. Мұстафин – үлкен окуы аз болғаныммен, өз бетінше жазу өнерінің қыр-сырына мейлінше бейнетті ізденіспен келген, ірі шеберлікке қол жеткізген жазушы. Оның шеберлік жолындағы мол, олжалы табысты туындысының бірі, сөз жоқ – «Шығанақ» романы. Роман кезеңдік әдеби сында, окушы жүртшылық тарапынан, әдебиет тарихынан өз баға, өз орнын алған. Қазіргі, өткен көркем құндылықтарымыз қайта сараланып жатқан уақытта оның шынайы көркем негізді шығармалары туралы тағы да көркемдік ой корытулар жасау қажет. Ол қажеттілік қазақтың классик жазушысы F. Мұстафиннің шеберлік мектебін, жазушылық өнер өнегесін орнықтыра түсу үшін қажет. Сол орайда, қазақтың

белгілі әдебиеттанушы ғалымы Т. Нұртазиннің «Шығанақ» романы жайлы таза көркемдік таным талқысынан туған, шығармадағы ұлттық бояу, тіл кестесі жайлы да өзіндік тоқтамдар жасаған аталған зерттеу мақаласының да өзіндік орны бар.

ӘДЕБИЕТ

1. Нұртазин Т. «Шығанақ» романы // Әдебиет және искусство. 1946. №4. 73-86-бб.